

Жәнібек ауданының аумағында үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар белгілеу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 28 қарашадағы N 248 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2011 жылғы 14 желтоқсанда N 7-6-132 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 4 сәуірдегі N 64 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы әкімдігінің 2012.04.04 N 64 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық Заңының 28 бабының 6 тармағы, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31, 37 баптарын басшылыққа алып аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудандық (аумақтық) сайлау комиссиясымен бірлесіп (келісім бойынша) Жәнібек ауданының аумағында барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Ауылдық округ әкімдері және "Батыс Қазақстан облысы Жәнібек аудандық тұрғын үй, коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі үгіттік баспа материалдарын орналастыратын орындарды стендтермен, тақталармен, тұғырлықтармен ж а р а қ т а н д ы р с ы н .

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б. А. Есенғалиевке жүктелсін.

Аудан әкімі

Р. Өтешев

КЕЛІСІЛДІ:

Аудандық (аумақтық)
сайлау комиссиясының
төрағасы
----- *Р. Қарашин*

28.11.2011 ж.

А у д а н

ә к і м д і г і н і н

2011 жылғы

28

қарашадағы

N

248

қаулысына қосымша

**Жәнібек ауданының аумағында
барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа
материалдарын орналастыру орындары**

N	Елді мекен атауы	Орналасатын жері	Орналасатын нысанның атауы	Саны
1.	Ақоба ауылы	Абай көшесі бойындағы орталық алаң	стенд	1
2.	Борсы ауылы	Ш. Мұхамбетқалиев көшесі бойындағы орталық алаң	стенд	1
3.	Тегісшіл елді мекені	Фельдшерлік пункт ғимаратының алды	стенд	1
4.	Жақсыбай ауылы	Ж. Қарақұлов көшесі бойындағы орталық алаң	стенд	1
5.	Ақадыр елді мекені	Кітапхана ғимаратының алды	стенд	1
6.	Жәнібек ауылы	Орталық алаң	стенд	1
7.	Жәнібек ауылы	Аудандық редакция ғимаратының алды	стенд	1
8.	Күйгенкөл ауылы	Т. Жароков көшесі бойындағы орталық алаң	стенд	1
9.	Өнеге елді мекені	Бастауыш мектеп ғимаратының алды	стенд	1
10.	Құрсай елді мекені	Бастауыш мектеп ғимаратының алды	стенд	1
11.	Көлтабан елді мекені	Фельдшерлік пункт ғимаратының алды	стенд	1
12.	Қамысты ауылы	Тәуелсіздік көшесі бойындағы орталық алаң	стенд	1
13.	Талов ауылы	Гагарин көшесі бойындағы орталық алаң	стенд	1
14.	Майтүбек елді мекені	Бастауыш мектеп ғимаратының алды	стенд	1
15.	Тау ауылы	Абай көшесі бойындағы орталық алаң	стенд	1
16.	Жігер елді мекені	Кітапхана ғимаратының алды	стенд	1
17.	Жұмаев елді мекені	Бастауыш мектеп ғимаратының алды	стенд	1
18.	Ұзынкөл ауылы	Мектеп көшесі бойындағы орталық алаң	стенд	1
19.	Еңбекші елді мекені	Бастауыш мектеп ғимаратының алды	стенд	1